





“Ересек тобы”

Қарапайым математика ұғымдарын қалыптастыру

Тақырыбы: “Уақытты бағдарлау”



2016-2017 оқу жылы



Білім беру саласы: *«Таным», «Қарапайым математикалық түсініктер»*

Ұйымдастырылған оқу қызмет түрі: *Қарапайым математика*

Сабақтың типі: *аралас, машықтық.*


Сабақта қолданатын педагогикалық технологиялар:

Ойыншық аю, дидактикалық ойын, қимылды ойын.

Сабақтың өтілу әдісі: *түсіндірмелі-иллюстративтік, жартылай ізденіс, машықтық.*

Оқыту құралдары: *ой қозғау, Қызықты жұмбақтар.*

Демонстрациялық материал: *суреттер*





**Сабақтың тақырыбы: “Уақытты бағдарлау”
Құзыреттілікке жеткізетін сабақтың мақсат-
міндеттері:**

1.Өткен оқу қызметін бекіту.Балаларда таң,түс,кеш,
түн ұғымдарын қалыптастыру.Уақытты бағдарлай
білуге дағдыландыру.

2.Ойлау қабілетін,дүние танымын кеңейту.

3.Дидактикалық ойындар арқылы ұқыптылыққа,
шапшандылыққа тәрбиелеу.





- Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет
- Әрекет кезеңдері
- Тәрбиешінің іс-әрекеті
- Баланың қызметі



Әрекет кезеңдері

Мотивациялық қозғаушы

2 мин

Іздені ұйымдастырушы

23 мин

Рефлексивті коррекциялаушы

5 мин

Мотивациялық қозғаушы

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Сәлеметсің бе, Алтын күн!
Сәлеметсің бе, Жер ана!
Сәлеметсіздер ме, қонақтар!
Сәлеметсіздер ме, достарым!
Сендерді көргеніме
қуаныштымын!
-Балалар, бәріміз шеңбер
кұрайық. Бір-бірімізге жылы
лебізімізді білдірейік.

Баланың іс-әрекеті

Сәлеметсің бе, Аягөз, сен
Сүйкімдісің.
-Сәлеметсің бе, Ернұр, сен
қайсарсың.
-Сәлеметсің бе, Нұрасыл, сен
ақылдысың.
-Сәлеметсің бе, Айдана, сен
сабырлысың.
-Сәлеметсің бе, Нұрхан, сен
мейірімдісің.
Сәлеметсің бе, Тамерлан, сен
батылсың.





Өткенді қайталау

*3 Санынымен таныстық.
Ендеше есімізге түсірейік.*

Дидактикалық ойын: “Көршісін тап”

Мақсаты: 3 санының оң жақ, сол жақ көршісін сұрау, алдында, артында жанында ұғымдарын қалыптастыру

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----



Ойын «Кім жылдам»

Сандарды тура және кері санау.

0,1,2,3,4,5,6,7

7,6,5,4,3,2,1,0

Ойын: «Балық аулау»

**Шарты: 1-7 сандарының құрамына
байланысты есептер шығару**

1+2 2-1 5-2 4-1

3-2 3-0








Іздену ұйымдастырушы

Жұмбақтар шешеміз “Бұл қай кезде болады?”



1. Күн шығып нұрын шашады,
Балалар бақшаға барады.

Бұл қай кезде болады?

(Таң)

2. Серуеннен қайтамыз,
Тамақ ішіп аламыз.

Біз тәртіпті баламыз,
Тәтті ұйқыға батамыз.

Бұл қай кезде болады?

(Түс)

3. Ән айтамыз, күлеміз

“Анай сау бол” - деп

Үйге қарай кетеміз.

Бұл қай кезде болады?

(Кеш)

4. Піл мен аю ұйықтайды,

Ұйықтайды қояндар да.

Бәрі ұйқыға жатады,

Бұл қай кезде болады?

(Түн)



“Тәлік мезгілдерін ата, сипатта”





Сергіту сәті

*Оң қолымда 5 саусақ,
Сол қолымда 5 саусақ.
Екі қолды қосқанда,
Болады екен 10 саусақ.*



Рефлексивті коррекциялаушы

Қимылды ойын: “Күн мен түн”

Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.

Ойын мазмұны: Балалар бірі «Күн», екіншісі «Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір - бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші «Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма - кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.

Қорытынды

- Біз бүгін қандай оқу қызметіне қатыстық?
- Қандай ойын ойнадық?
- Қандай санның көршісін таптық?
- Қандай қимылды ойын ойнадық?







Сабақ аяқталды .
Назар 
аударғандарыңызға
рахмет!

